

"Бақылау-кассалық машиналардың мемлекеттік тізілімін бекіту туралы"

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 30 желтоқсандағы № 635 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2009 жылғы 21 сәуірдегі № 172 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылғы 14 мамырда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5676 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 16 ақпандағы № 208 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Қаржы министрінің 16.02.2018 № 208 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінің (Салық кодексі) 651-бабына сәйкес **БҰЙРАМЫН:**

1. "Бақылау-кассалық машиналардың мемлекеттік тізілімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 30 желтоқсандағы № 635 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2008 жылдың 31 желтоқсанында № 5453 болып тіркелген, "Юридическая газета" газетінде 2009 жылдың 20 наурызында № 472 (1639) жарияланған) мына толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген 1-қосымшасы мынадай мазмұнындағы реттік нөмірі 114 жолмен толықтырылсын:

"114. ПРИМ-88ФКЗ (В.18.41 нұсқа)".

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті (Д.Е. Ерғожин) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін.

3. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

Б. Жәмішев